КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 26 желтоқсан №7119-24-00-2/16396 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Нишанбаева» атынан Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизи
Жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атынан Джумадулаев Ануар Серикович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Нишанбаева» атынан Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизин, жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атынан Джумадулаев Ануар Сериковичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Нишанбаева» атынан Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизи мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Нишанбаева» атынан Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизинан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 13.02.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атынан Джумадулаев Ануар Серикович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атынан Джумадулаев Ануар Сериковичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 13.02.2025